

Салық салу объектісінің Байзақ ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 522 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 4436 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) 529 бабының 6 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 37 бабына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес салық салу объектісінің Байзақ ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. "Байзақ ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) мемлекеттік тіркеуден кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауды;
- 3) Байзақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дәуір Рысбайұлы Дәулетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, 2020 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Байзақ ауданы әкімі

Н. Нуржигитов

"Келісілді"

Байзақ ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы _____ Н. Егисинов

Байзақ ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына қосымша

Салық салу объектісінің Байзақ ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Ауылдық округтерінің атауы	Елді мекендердің атауы	Коэффициент
1	Байтерек	Кусак	1,8
		Базарбай	1,7

2	Бурыл	Бурыл	2,05
		Құмжота	1,95
3	Ботамойнақ	Ботамойнақ	1,85
		Байзақ	2,0
		Үшбұлақ	1,65
4	Дихан	Дихан	1,95
		Аймантөбе	1,95
		Жеңіс	1,8
5	Жалғызтөбе	Ақкия	1,7
		Жетібай	1,95
		Төрткөл	1,6
6	Жанатұрмыс	Жанатұрмыс	1,6
		Жібек Жолы	1,8
		Көкбастау	1,8
		Қайнар	1,45
		Ақшолақ	1,45
		Төрегелді	1,45
		Тегістік	1,45
7	Көптерек	Кеңес	1,75
8	Қызыл жұлдыз	Қызыл жұлдыз	2,05
9	Қостөбе	Қостөбе	2,0
		Талас	2,0
		Талас станциясы	1,65
10	Көктал	Көктал	1,9
11	Мырзатай	Мырзатай	1,95
		Дихан	1,95
		Сеңкібай	1,8
12	Сарыкемер	Сарыкемер	2,0
13	Сазтерек	Абай	1,85
		Жаңасаз	1,35
		Ақтөбе	1,7
14	Суханбай	Жақаш	1,65
		Көкөзек	1,55
		Қарасу	1,65
15	Темірбек	Тегістік	1,65
		Сарыбарақ	1,5
		Шахан	1,4
16	Түймекент	Ақжар	1,65
		Түймекент	1,85
17	Үлгілі	Үлгілі	2,0
18	Ынтымақ	Мәдімар	1,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК